

**Кошжанова Г.А.<sup>1</sup>, Жиенбаева Н.Б.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторанты, e-mail: gulshat8@inbox.ru

<sup>2</sup>пс.ғ.д., профессор, e-mail: zh\_nadejda@mail.ru

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.

## **БОЛАШАҚ ДЕФЕКТОЛОГ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ**

Мақалада имидж ұғымының мән-мағынасы мен теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, педагогтің имиджі мен болашақ дефектологтардың имиджін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық аспектілері қарастырылды. Қазіргі уақытта жоғары педагогикалық білім берудің теориясы мен тәжірибесінің өзекті бағыттарының бірі болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру процесі болып табылады. Педагогтың кәсіби қызметіне әр түрлі көзқарастар қажетті тұлғалық және кәсіби қасиеттерді анықтау мен мазмұндаудың әр түрлі тәсілдеріне негізделді. Бірінші жағдайда кәсіби маңызды қасиеттер деп педагог өзінің кәсіби функцияларын тиімді жүзеге асыру үшін меңгеруі тиіс білім, білік және дағдылар жиынтығы түсіндіріледі. Екіншісі – педагогикалық қызметтің оң нәтижесін қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің жиынтығы. Сонымен, имидж – тұлғаның келбеті, әдеті, сөйлеу тәсілі, менталитеті, әрекеті және т.б. негізінде қалыптасқан адамның бейнесі. Болашақ дефектолог оң имиджінің құрылымы анықталып, нәтижесінде болашақ дефектологтың имиджін қалыптастыру критерийлердің жиынтығы мен тиісті көрсеткіштер айқындалды: когнитивтік (имидж туралы білім, кәсіби және жеке өзін-өзі жетілдіру), мотивациялық (жеке және кәсіби дамыту траекториясын құруға арналған жолдар мен мүмкіндіктерді іздеуге, оң эмоционалды құндылық өзін-өзі және басқаларына), іс-әрекеттік (имидждік қалыптастыру тәжірибесі). Зерттелетін феноменнің анық ажыратылатын өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде біз дәрежені көрсететін өзара байланысты деңгейлерді анықтадық, болашақ дефектологтың имиджінің қалыптасуы: жоғары, орта, төмен. Аталған көрсеткіштер мен өлшемдердің деңгейін анықтау мақсатында зерттеу әдістерін (тест, сауалнама) жүргіздік.

**Түйін сөздер:** ЖОО, студент, болашақ дефектолог имиджі, кәсіби құзыреттілік, тұлғаның келбеті, менталитет, имиджмейкер, сыртқы бейне, тұлғалық қасиет, эмпатия.

Koshjanova G.A.<sup>1</sup>, Zhiyenbaeva N.B.<sup>2</sup>.

<sup>1</sup>PhD Doctoral student, e-mail: gulshat8@inbox.ru

<sup>2</sup>Doctor of Education, professor, e-mail: zh\_nadejda@mail.ru

Abai Kazakh National Pedagogical Universit,  
Kazakhstan, Almaty

### **Theoretical and practical justification of the formation of the image of the future special educational teacher**

The article defines the theoretical and methodological foundations, the meaning and content of the concept of image, examines the psychological and pedagogical aspects of the formation of the image of the future defectologist and the image of the teacher. Thus, the image is an image of a person, which is formed on the basis of the appearance of the person, his habits, manner of speech, mentality, actions, etc. The structure of the correct image of the future defectologist is determined, as a result of which the necessary indicators and a complex criterion for the formation of the image of the future defectologist are established: cognitive (knowledge about the image, professional and personal self-improvement), motivational (search for ways and opportunities to build a trajectory of personal and professional development, positive emotional and value attitude to yourself and others), activity (experience of image formation). On the basis of clearly different measurements and indicators of the phenomenon of the study, we have identified interrelated levels showing the degree of image development, the formation of the image of the future defectologist: higher, medium and low. In order to determine the levels of these indicators and criteria were used research methods (test, questionnaire).

**Key words:** University, student, image of future defectologist, professional competence, personality, mentality, image-maker, external image, personal properties, empathy.

Кошжанова Г.А.<sup>1</sup>, Жиенбаева Н.Б.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, e-mail: gulshat8@inbox.ru

<sup>2</sup>д.п.с.н., профессор, e-mail: zh\_nadejda@mail.ru

Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
Казахстан, г. Алматы

### Теоретико-практическое обоснование формирования имиджа будущего дефектолога

В статье определены теоретико-практические основы, смысл и содержание понятия «имидж». Рассмотрены психолого-педагогические аспекты формирования имиджа будущего дефектолога, в частности, и имиджа педагога, в целом. В настоящее время одним из актуальных направлений теории и практики высшего педагогического образования является процесс формирования профессионально важных качеств будущих специалистов. Различные подходы к профессиональной деятельности педагога основаны на различных подходах к определению и изложению необходимых личностных и профессиональных качеств. Под профессионально значимыми качествами в первом случае понимается совокупность знаний, умений и навыков, которые педагог должен овладеть для эффективного осуществления своих профессиональных функций. Во втором – совокупность индивидуальных качеств, обеспечивающих положительный результат педагогической деятельности. Понятие «имидж» раскрывает образ человека, который формируется на основе облика личности, его привычек, манеры речи, менталитета, действий. Определена структура современного имиджа будущего дефектолога, в результате установлены содержательные показатели и комплекс критериев формирования имиджа будущего дефектолога: когнитивный (профессиональное и личностное самосовершенствование), мотивационный (поиск путей и возможностей для построения траектории личностного и профессионального развития, позитивное эмоционально-ценностное отношение к себе и другим), деятельностное (опыт формирования имиджа). На основе этого определены взаимосвязанные уровни, характеризующие степень развития имиджа будущего дефектолога: высший, средний и низкий.

**Ключевые слова:** ВУЗ, студент, имидж будущего дефектолога, профессиональная компетентность, облик личности, менталитет, имиджмейкер, внешний образ, личностные свойства, эмпатия.

#### Кіріспе

Мемлекетіміздің өзіне және болашақ ұрпаққа жеке тұлғалық-гуманды позицияны ұстаушы, білгір де білікті мамандарды даярлауға деген қажеттілігі бірнеше өзекті мәселелерді қозғайды. Осындай өзекті мәселенің бірі – болашақ маманның кәсіби-педагогикалық имиджін қалыптастыру мәселесі. Мұның айғағы Қазақстан Республикасының Жоғары педагогикалық білім берудің басты мақсаты оқушының жеке басының қалыптасуы мен даму мәселесін шығармашылықпен шешуге қабілетті кәсіби жағынан құзыретті жаңа формацияның педагогын даярлау делінген. Концепцияда педагогтың құзыреттілігі үш тұрғыдан, яғни жалпы мәдени, әдіснамалық және пәндік-бағыттылық деп атап көрсетілген (ҚР білім беру стандарты, 2018). Демек, бүгінгі мұғалімнің, педагогтың, тәлімгердің, дефектологтың, оқытушының кәсіби шеберлігін, құзыреттілігін жетілдіру бүгінгі педагогика және психология ғылымдарының ең өзекті мәселелерінің бірі болмақ.

Осыған орай, имидж туралы білім әлеуметтік-мәдени бағыттың көптеген салаларында:

саясат, экономика, білім, мәдениет, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік т.б. – үлкен сұранысқа ие. Зерттеуші В.М. Шепелдің пікірінше, имидж заманауи тұлғаны тәрбиелеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын жалпы білім беру пәні екенін айтады. Бұл түрлі бейіндегі мамандардың кәсіби құзыреттілігінің негізгі компоненті; бұдан басқа, ол адамға үнемі ішкі дүниесін жақсартуға, қажетсіз қасиеттерді жеңуге мүмкіндік береді, мысалы, уайым, қорқыныш, қарым-қатынасқа түсе алмаушылық т.б.

#### Әдеби шолу

1. «Имидж» ұғымы қазіргі заманғы іскерлік сөздікке толықтай ендірілген және негізінен кәсіпқойлықтың бейнесі адамдармен қарым-қатынасқа және командалық жұмыстың тиімділігіне қатты әсер етеді. 1960 жылдары америкалық экономист Болдуинг «имидж» ұғымын енгізді және оны іскерлік басқару қажеттілігіне негіздеді. Ағылшын тілінен аударғанда «image» сөзі – бейне немесе бейнелеу деген мағынаны білдіреді. Алайда, әдебиетте осы және басқа да мағынада түрлері кездеседі. Мысалы, «бедел»,

«өкілдігі», «беделдік». Әрқайсымыз белгілі бір имиджді қалыптастырамыз: яғни, бейне – оның келбеті, әдеті, сөйлеу тілі, менталитеті, әрекеті және т.б. негізінде қалыптасатын адамның бейнесі (Андреева, 1994:329).

Имидж дегеніміз не? Бұл тұжырымдаманың әртүрлі сөздіктер мен әдебиеттерде қалай қарастырылатынын зерттейік.

Имидж мәселесі туралы теориялық негіздерін К.А. Абульханова-Славская, Б.Г. Ананьев, А.А. Бодалев, А.Н. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, В.Н. Мясищев, С.Л. Рубинштейн және т.б. сияқты психологтардың еңбектерінде көрініс тапты. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық аспектілерін одан әрі дамыту және имидждің әлеуметтік құбылыс, оның танымы ретінде қолданылатын дамудың ерекшеліктері қазіргі заманғы психологтар Г.М. Андреева, А.Г. Асмолов, А.В. Брушлинский, А.В. Петровский, В.И. Слободчиков және т.б. қарастырды (Абульханова, 2009:224. Ананьев, 2008:456. Андреева, 2010:167. Бодалев, 2008:165. Леонтьев, 2003:223).

Белгілі психолог З. Фрейдтің психоанализ теориясы бойынша кез келген адам алғаш өзге субъектіні көргенде бірінші болып ол азамат туралы ойы, оның киіну үлгісімен, дауыс ырғағы және вербальды қимылдары арқылы қабылдайды.

Батыс еуропа психологиясында имидждің әлеуметтік-психологиялық аспектілерінің құрамдас бөлігі ретінде бір-бірінің танымдық ерекшеліктерінің тұжырымдамасын танымал психологтардың еңбектерінде мінез-құлық, психоанализ, когнитивизм: А. Адлер, Э. Берн, У. Джеймс, Дж. Капран, А. Маслоу, Г. Олпорт, К. Роджерс, Д. Сервон, Б.Ф. Скиннер, З. Фрейд, Э. Фромм, К. Хорни, Т. Шибутани, К. Юнг еңбектерінде қарастырған.

Психологиялық-педагогикалық әдеби көздерде имидж адамның жүріс-тұрысының стилі мен нысаны, негізінен қоғамдағы мінез-құлықтың сыртқы жағы деп түсіндіріледі. Кейде сурет имиджі нысандар туралы ұғымдарға ие болғандықтан, олар туралы есте сақтап, белгілі бір жолмен немесе нысанның белгілі болғандығына байланысты құндылықтар мен әсерлердің жиынтығы деп аталады. Бұл жағдайда, әдетте, имидждің нысаны көбінесе адам немесе ұжым болып табылады.

Қазақстанда «имидж» түсінігі ХХ ғасырдың соңында қоғамдық және ғылыми талдау пәні болды. 90-шы жылдардың ортасында саясаткерлер, журналистер, кәсіпкерлер (Р.Ф. Ромашкин, Е.И. Манякин, Е.В. Гришунин, П.С. Гуревич,

Ф.А. Кузин, В.М. Шепель, И.А. Федоров және т.б.) имиджін қалыптастыру психологиялық аспектілеріне арналған қазақстандық және ресейлік ғылымында пайда бола бастады. Қазақстанда имидж мәселесін зерттеген А.А. Калюжныйдың (Калюжный, 2004:215) ғылыми мектебі айналысты. А.А. Калюжныйдың белгілі оқулығы «Педагогикалық имеджелогия», сондай-ақ оның жұмысын Г.К. Кусаметова (Кусаметова 2016:109-112.) жалғастырды. Сонымен қатар, Х.Т. Шерьязданованың (Шерьязданова, Аралбаева 2015:39-45.) оқытушылардың біліктілігін арттыру курстары бағдарламасында педагогтың имиджі бөлімін енгізген.

Сонымен, имидж – тұлғаның келбеті, әдеті, сөйлеу тәсілі, менталитеті, әрекеті және т.б. негізінде қалыптасқан адамның бейнесі. Педагогтардың имиджі – білім алушылардың, әріптестердің, әлеуметтік ортадағы, массалық санада оқытушының имиджін қабылдаудың эмоционалды түрдегі стереотипі. Педагогтың имиджін қалыптастырғанда, шынайы қасиеттер басқалардың өздеріне тиісті адамдармен тығыз байланыста болады.

*Имиджді қалай қалыптастыру керек?*

Имидж бір күнде қалыптаспайды. Ол үшін сегіз қырлы, бір сырлы жан болуға тырысу керек: *Сыртқы имидж.* Киім, табиғи макияж, маникюр, аксессуар – сыртқы көрінісіңіз талапқа сай болу керек; *Мимикалық имидж.* Айнаға қарап, әріптесіңізбен әртүрлі тақырыпта сөйлесуге жаттығып көріңіз; *Кинетикалық имидж.* Жүріс-тұрысыңыз, қимыл-қозғалысыңыз, дене сымбатыңыз қалай? *Бейвербалды имидж.* Дауыс ырғағы, сөздік қоры, сөйлеу мәнеріңіз қандай? *Рухани имидж.* Адамның өмірлік ұстанымы, көзқарасы, ой-өрісі, дүниетанымының да үлкен маңызы бар. Сондықтан жоғары білім алғаннан кейін де кәсіби жағымен қатар, рухани білімізді де үнемі жетілдіріп отыруымыз қажет. Кітап оқу, театр, көрмелерге бару, т.б. *Фондық имидж.* Қызметіңіз, талантыңыз бен даңқыңыздың шығуы, яғни аты-жөніңіздің жұртқа әйгілі болуы; *Материалдық имидж.* Пәтеріңіз, машина, басқа да құнды мүлкіңіздің болуы.

Жоғарыда жасалған талдаулар бізге имидж ұғымының мән-мағынасын ашуға және педагог имиджіне қандай көрсеткіштер жататынын анықтадық. Ендігі кезекте болашақ дефектолог имиджін қалыптастыру мәселелеріне тоқталамыз.

Дефектолог – ең алдымен тиісті білім алған маман. Бұл мамандық педагогикалық-психо-

логиялық, медициналық мамандықтар ішіндегі өз орны бар және ерекше назар аударуды қажет ететін мамандық. Себебі дефектологтар толыққанды өз жас ерекшелігіне сәйкес дамып келе жатқан балалармен емес, керісінше дамуында ауытқушылығы бар балалармен жұмыс жасайды.

Белгілі бір дефектология мамандығы бойынша педагогикалық университеттің түлегі келесі кәсіптік қызмет түрлерінде білікті болуы керек: оқыту; ұйымдастырушылық; диагностикалық және аналитикалық; кеңес беру; психологиялық-профилактикалық; түзету және дамыту; білім беру; зерттеу; үйлестіру және т.б. (Деревлева, 2009)

Бұл дегеніміз, болашақ дефектолог имидж қалыптастыруда – оның тұлғалық қасиетін

толық көрсету үшін төмендегідей қасиеттерді өзіне берік ұстау керек деп есептейміз:

- болашақ дефектологтың сыртқы бейнесі (киім киісі, жүріс-тұрысы, т.б.);
- болашақ дефектологтың теориялық білімі, оның практикамен сабақтастығы;
- оқушыларды еңбекке тартуға, міндеттерін бөлуге, жұмысты жоспарлауға және жасалып жатқан жұмыстарды қорытындылауға қабілеттерін ашу;
- мейірімділік, жауапкершілік, оптимизм, шыдамдылық, жанашырлық, жағымды энергетика;
- үздіксіз үйрену, дамыту мен жетілдіру, олардың кәсіби тәжірибесімен әріптестерімен, ата-аналарымен бөлісу және тәжірибе алмасу болып табылады.



1-сурет – Болашақ дефектолог оң имиджінің құрылымы

Имиджмейкерлер – имиджді әзірлеуде, жасауда тұлғаның ойластырылған параметрларына емес, ал оның тұлғалық нақты параметрларына назар аударады.

Болашақ дефектологтың позитивті имиджі бар ұсынылған ұстанымдар мен фактілер эмоционалды-сезімтал және эмпатия жағдайы, ақпараттың ортақ бейнесі қалыптасқанда ерекше атмосфераны құра алады. 1-сурет дефектологтың оң имиджінің құрылымын көрсетеді.

Эксперименттік жұмыс 2017-2019 жж. аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде және Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті 6В010500 «Дефектология» мамандығы бойынша бакалавр, магистранттар және докторанттар қатысуымен жүргізілді. Қатысқандар саны 112 білім алушы (әртүрлі білім беру түрлері, бакалавр, магистратура, докторантура мамандықтары).

Жоғары оқу орны білім беру мекемелерінің жинақталған теориялық материалды және педагогикалық тәжірибесін зерделеу негізінде эксперименталды жұмыс бағдарламасының жобалау кезеңдерін қарастыру барысында диссертацияларға, монографияларға, мерзімді басылымдардың оқу-әдістемелік құралдарына ұсынылған ғылыми және теориялық зерттеулердің нәтижелеріне талдау жасалды. Нәтижесінде болашақ дефектологтың имиджін қалыптастыру критерийлердің жиынтығы мен тиісті көрсеткіштер айқындалды: *когнитивтік* (имидж туралы білім, кәсіби және жеке өзін-өзі жетілдіру), *эмоционалды* (жеке және кәсіби дамыту траекториясын құруға арналған жолдар мен мүмкіндіктерді іздеуге, оң эмоционалды құндылық өзін-өзі және басқаларына), *мінез-құлықтық* (имидждік қалыптастыру тәжірибесі) (1-кесте).

### Зерттеу жұмысының мақсаты

Жоғары мектептің біртұтас педагогикалық үрдісінде болашақ дефектологтың имиджі туралы түсініктердің мазмұны мен қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеу.

### Зерттеу әдістері

Болашақ дефектологтың имиджінің қалыптасуын тұтас зерттеу мақсатында (когнитивті, эмоционалдық және мінез-құлықтық критерийлері бойынша) біз өзара байланысты зерттеу әдістерін таңдап алдық: имиджелогиялық білімді зерттеуге сауалнама; М. Снайдердің өзін-өзі мониторинг

шкаласы (Райгородский Д.Я.1998:672); диагностика іске асыру қажеттілігін өздігінен дамуы (кәсіби мансаптың мотивациясын зерттеу әдістемесі Э. Шейн (аударма және бейімделу В.Э. Винокурова мен В.А. Чикер жүзеге асырылды) (Почебут, Чикер, 2002) (С.Р.Пантелеевтің өздігінен қарым-қатынасын зерттеу әдістемесі (Пантилеев, 1991:100); әлеуметтік эмпатия-ны зерттеу әдістемесі (Фетискин, 2009); ком-муникативтік және ұйымдастырушылық қабі-леттерін анықтау және бағалау әдістемесі (В.Синявский, Б.А.Федоров) (Квинн, 2000); болашақ педагог имиджінің қалыптасуының диагностикалық картасы (модификацияланған нұсқа Л.М.Семенова) (Посохова, Соловьева, 2008:671).

**1-кесте** – Болашақ дефектологтың имиджін қалыптастырудың критерийлері мен көрсеткіштері

Критерий	Көрсеткіштер	Әдістері
Когнитивті	- имидж туралы білім; - өзін-өзі жетілдірудің кәсіби және жеке субъектісі ретінде білу	Имиджелогиялық білімді зерттеу сауалнамасы (М. Снайдердің өзін-өзі мониторингтеу сауалнамасы; Н.П. Фетискиннің өзін-өзі дамыту қажеттілігін жүзеге асыру диагностикасы)
Эмоционалдық	- жеке және кәсіби даму траекториясын жобалаудың жолдары мен мүмкіндіктерін анықтауға баса назар аудару; - өзін-өзі жетілдірудің кәсіби және жеке субъектісі ретінде білу	Е. Шейннің кәсіби мансаптық мотивацияны зерттеу әдістері (аударма және бейімдеу В.В. Винокуров пен В. Чикердің орындауымен); С.П. Пантелеевтің Өзін-өзі зерттеу әдістері; Әлеуметтік эмпатияның диагностикасы (Н.П. Фетискин)
Мінез-құлықтық	- тәжірибе; - имиджді қалыптастырушы іс-әрекет	Коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін анықтау және бағалау әдістемесі (В. Синявский, Б.А. Федоров) Студенттің имиджін қалыптастырудың диагностикалық картасы (Л.М. Семенованың модификацияланған нұсқасы)

Зерттелетін феноменнің анық ажыратылатын өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде біз дәрежені көрсететін өзара байланысты деңгейлерді анықтадық, болашақ дефектологтың имиджінің қалыптасуы: жоғары, орта, төмен.

### Талқылаулар

Сонымен, біз болашақ дефектологтың имиджінің қалыптасуының деңгейін анықтау мақсатында арнайы іріктелген диагностикалық әдістемелер кешенін (когнитивті, эмоционалдық, мінез-құлықтық критерийлері бойынша) қолдану нәтижесінде эксперименттің айқындаушы кезеңінде имидждің қалыптасуының әртүрлі деңгейлері бар білім алушылардың нәтижелері (пайыздық арақатынасы бойынша) алынды.

Атап айтқанда, когнитивті критерий бойынша болашақ дефектологтардың имиджін зерттеу нәтижелері 2-кестеде көрсетілген.

**2-кесте** – Білім беруде болашақ дефектологтың имиджін қалыптастыру нәтижелері (когнитивті критерий бойынша), %)

Көрсеткіштер	Айқындаушы кезең		
	жоғары	орта	төмен
Имидж туралы білім	9,5	51,0	39,5
Өзін-өзі жетілдірудің кәсіби және жеке субъектісі ретінде білу	9,2	55,2	35,6
Деңгейдің орташа көрсеткіші	9,4	53,1	37,5

Анықтаушы эксперимент қорытындысы көрсеткендей, респонденттердің тек 9,4 % – имидж, оның компоненттері, түрлері, қызметтері, мақсаттары туралы, өзіне оң көзқарас тұрғысынан кәсіби және тұлғалық өзін-өзі жетілдіру субъектісі ретінде өзі туралы саналы, жүйелі білімдерін, өзінің жеке тұлғасының күшті және әлсіз жақтарын жоғары білуін көрсетті. Ал, сыналушылардың 53,1%-ы орташа, 37,5%-ы төмен екендігі анықталды.

Эмоционалдық критерий бойынша болашақ дефектологтардың имиджін зерттеу нәтижелері 3-кестеде көрсетіледі.

**3-кесте** – Болашақ дефектологтардың имиджін қалыптастыру нәтижелері (эмоционалдық критерий бойынша), (%)

Көрсеткіштер	Айқындаушы кезең		
	жоғары	орта	төмен
Тұлғалық және кәсіби даму траекториясын жобалаудың жолдары мен мүмкіндіктерін іздестіруге бағдарлау	9,1	46,4	44,5
Жеке тұлғаның өзіне және басқаларға жағымды эмоционалдық құндылық қарым-қатынасты қалыптастыруға ұмтылысы	12,4	49,3	38,3
Деңгейдің орташа көрсеткіші	10,8	47,9	41,3

Эмоционалдық критерий бойынша зерттеу нәтижелері: сауалнамаға қатысқандардың 10,8%-ы жеке және кәсіби траекториясын жобалаудың жолдары мен мүмкіндіктерін іздеуге бағытталғанын мәлімдеуге мүмкіндігі бар («адамзатқа қызмет ету», «адамдарға көмек көрсету», «әлемді жақсы жасауға ниет»), «Мен-концепцияны» өзгертуге жоғары дайындығын, өзін және басқаларды танымның жаңа тәжірибесіне көзқарасы, өзін-өзі қабылдау, өз мүмкіндіктері мен қоршаған шындық талаптары арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті көрсетеді. Ал, 47,9%-ы орташа, 41,3%-ы төмен көрсеткіш көрсетті.

Үшінші мінез-құлықтық критерий бойынша болашақ дефектологтың имиджін зерттеу нәтижелері 4-кестеде көруге болады.

Алынған эксперименталды деректердің нәтижелері мінез-құлықтық өлшемі бойын-

ша имидж қалыптастырушы жоғары деңгейді көрсеткен болашақ дефектологтардың саны – (10,0 %), орта (47,2 %) және төмен (42,8 %) екендігін анықтауға мүмкіндік берді.

**4-кесте** – Болашақ дефектологтың имиджін қалыптастыру нәтижелері (мінез-құлықтық критерий бойынша, %)

Көрсеткіштер	Айқындаушы кезең		
	жоғары	орта	төмен
Имидж қалыптастырушы қызмет тәжірибесі	10,0	47,2	42,8
Деңгейдің орташа көрсеткіші	10,0	47,2	42,8

## Қорытынды

Болашақ дефектологтардың көпшілігінде имидж қалыптастырушы іс-әрекет тәжірибесі жеткіліксіз, бұл білім алушылардың білім беру қызметінің барлық кезеңдерінде имиджін құру және жетілдіру үшін жинақталған имидж-білімді пайдалана алмауында көрінеді. Осылайша, эксперименталды жұмыстың жүргізілген айқындаушы кезеңінің нәтижесінде анықталған болашақ дефектолог имиджін қалыптасуының төмен және орта деңгейлерінің басым болуы және қаралып отырған феноменге теріс әсер ететін тәуекелдерді анықтау зерттелетін үдерістің әзірленген құрылымдық функционалдық моделі контекстінде болашақ дефектологтың имиджін тиімді қалыптастыру мақсатында психологиялық-педагогикалық жағдайларды іске асыру шеңберінде арнайы ұйымдастырылған педагогикалық әсерді ескере отырып, қалыптастырушы экспериментті жүзеге асыру қажеттілігін растауға мүмкіндік берді.

## Ұсыныстар

1. «Білім беру ұйымындағы студент имиджін мазмұнды негіздері», «Имиджология құралдары және оны қолдану ерекшеліктері», «Өзін-өзі басқару және өзін-өзі таныстыру тәсілдері», «Жеке тұлғаның Мен-тұжырымдамасының құрылымы» бөлімдерін қамтитын арнайы курстарын әзірлеу;

2. Практикалық ақпараттық-таныстыру семинарларын, оқытушылармен видеороликтер, мастер-кластар, тәжірибелі педагог, дефектологтармен дөңгелек үстел өткізу;

3. Болашақ дефектологтың имиджін қалыптастырушы қызметін ұйымдастыруға теріс әсер ететін проблемалық салаларды түзету мақсатында оқытушылардың, педагогтар мен жұмыс берушілердің ынтымақтастығын кеңейту; зерттеу

проблематикасы бойынша оңтәжірибені жинақтау және ұйымдастыру-әдістемелік әзірлемелерді тарату, білім беру ұйымында студенттің имиджін қалыптастыру үдерісін нәтижелі ұйымдастыру саласында жаңа идеялар ауқымын кеңейту.

### Әдебиеттер

Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования всех уровней образования. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года №604. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 1 ноября 2018 года №17669.

Андреева Г.М. Социальная психология: учебник для вузов. – М.: Наука, 1994. – 329 с.

Абульханова К.А. Психология сознания личности (проблемы методологии, теории и исследования реальной личности) / К.А. Абульханова // Избранные психологические труды. – Воронеж: НПО «МОДЭК», 2009. – 224 с.

Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: В 2-х томах. – М.: Вершина, 2008. – 456 с.

Андреева Г.М. Психология социального познания: учеб. пособие: 2-е изд. / Г.М. Андреева. – М.: «Академия», 2010. – 167 с.

Бодалев А.А. Вершина в развитии взрослого человека: Характеристика и условия достижения. – М.: «Флинта: Наука», 2008. – 165 с.

Деревлева М.М. Формирование имиджа руководителя // Содержание профессиональной компетентности педагога – [Электрон.ресурс] / ГОУ «Якутский педагогический колледж № 1 им. С.Ф. Гоголева». – М.: RONL.RU, 2009. – Режим доступа: <https://www.ronl.ru/stati/pedagogika/173252/> (15 мая 2017).

Калюжный А.А. Психология формирования имиджа учителя.. – М, 2004. – 215 с.

Квинн В.Н. Прикладная психология: Пер. с англ. – СПб., 2000.

Кусаметова Г.К. Использование имидж-кейса в профессиональной деятельности преподавателя английского языка. – Вип, 2016. – С. 109-112.

Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. – М.: «Интеллект-Центр», 2003. – 223 с.

Райгородский Д.Я. Практическая психодиагностика. Методики и тесты: учебное пособие. – Самара: Издательский Дом «БАХРАХ», 1997. – 672 с.

Почебут Л.Г., Чикер В.А. Организационная социальная психология: учебное пособие. – СПб., 2002.

Пантилеев С.Р. Самоотношение как эмоционально-оценочная система. – М.: Изд-во Моск. Ун-та, 1991. – 100 с.

Посохова С.Т., Соловьева С.Л. Настольная книга практического психолога. – М.: АСТ: Хранитель; СПб.: Сова, 2008. – 671 с.

Фетискин Н.П. Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп. – М.: ИИП, 2009.

Шерьязданова Х.Т., Аралбаева Р.К. Модернизационные подходы в подготовке специалистов нового формата в социальной сфере в Республике Казахстан // Высшее образование сегодня.– 2015. – № 10. – С. 39-45.

### References

About the approval of the state obligatory standards of education of all levels of education. Order of the Minister of education and science of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2018 №604. Registered in the Ministry of justice of the Republic of Kazakhstan on November 1, 2018 №17669.

Abulkhanova K. A. (2009). Psihologiya soznaniya lichnosti [Psychology of personality consciousness (problems of methodology, theory and research of real personality)]. Selected psychological works, Voronezh: NPO «MODEK», 224 p..

Ananiev B. G. (2008) Izbrannyye psihologicheskiye Trudy [Selected psychological works in 2 volumes]. M.: Vershina, 456 p.

Andreeva G. M. (2010) Psiholpogiya socialnogo poznaniya [Psychology of social cognition: Studies.benefit: 2nd ed]. M.: «Academy», 167 p.

Borozdina G. V. (2008). Psihologiya biznes kommunikaci [Psychology of business communication]. M.: «INFRA», 123 p..

Bodalev A. A. (2008) Vershina v razvitiy vzroslogo cheloveka [Top in the development of an adult: Characteristics and conditions of achievement].M.: «Flint: Science», 165 p.

Derevleva M. M. Formation of the image of the head // Content of professional competence of the teacher – [Electron.resource] / go «Yakut pedagogical College № 1. S. F. Gogoleva»– M.: RONL.RU, 2009 . – Access mode: <https://www.ronl.ru/stati/pedagogika/173252/> (15 may 2017).

- Fetiskin N. P. (2009). Sozialno-psihologicheskaya diagnostika razvitiya lichnosti I malyh grup [Socio-psychological diagnosis of personality development and small groups]. M.: ИП.
- Kalyuzhny A. A. (2004) Psihologiya formirovaniya imidja uchitelya [Psychology of formation of image of the teacher], 215 p.
- Kusmetov G. K. (2016). Ispolzovanie imidj-keisa v professionalnoi deyatel'nosti prepodavatelya angliiskogo yazika [The Use of image-case in the professional activity of teacher of English], No. 141, pp. . 109-112.
- Leontiev D. A. (2003). Psihologiya smysla: priroda, stroenie I dinamika smyslovoi realnosti [Psychology of meaning: nature, structure and dynamics of semantic reality]. Moscow: «Intelligence Center», 223 p.
- Pochebut L. G., Chiker V. A.(2002). Organizacionnaya socialnaya psihologiya [Organizational social psychology: Textbook]. SPb., 2002.
- Panteleev S. R. (1991). Samootnoshenie kak emocional'naya Sistema ocenivaniya [Sootnoshenie as emotionally-grade system]. M.: Izd-vo Mosk. UN-TA, 100 p.
- Posokhova S.T., Solovyov S. L. (2008). Nastolaya kniga prakticheskogo psihologa [Handbook of practical psychologist]. M.: AST:Guardian; St. Petersburg.: Owl,. 671 p.
- Quinn V. N. Applied psychology. SPb., 2000.
- Raigorodskii D.A. (1998) Prakticheskaya psihodiagnostika: Metody I testy [Practical psychodiagnostics. Methods and tests. Textbook]. Samara: Publishing House «BAHRAH», 672 p.
- Sheryazdanova T., Aralbayeva R. K. (2015). Modernizacionnie pohody v podgotovke specialistov novogo formata v socialnoi sfere v RK [Modernization approaches in training of specialists of a new format in the social sphere in the Republic of Kazakhstan]. Higher education today, No.10, pp. 39-45.